

**Біліктілікті Арттырудың
Қазақстандық Өңіраралық Орталығы**

**«Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың заманауи тәсілдері
мен құралдары» оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізілетін
мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары мен әдіскерлеріне
арналған біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасына
САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

«Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың заманауи тәсілдері мен құралдары» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығына сәйкес әзірленген.

Біліктілік арттыру курсының білім беру бағдарламасы жалпы ережеден, глоссарий, бағдарлама тақырыптары, мақсат, міндеттері, мазмұны және құрылымы, білім беру үдерісін ұйымдастыру, бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі, оқу нәтижелерін бағалау, курстан кейінгі педагогикалық қолдау және әдебиеттер тізімінен тұрады.

Ұсынылып отырған бағдарламада мынандай ұсыныстар беріледі:

1. Жалпы ережелер бөлімі бойынша бағдарлама талаптарға сай қарастырылған. Бағдарламаның өзектілігі, сұранысқа лайықтылығы, нормативтік құқықтық актілерді негізге алғаны айтылған.

Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасы, 2021 жылдан бастап іске асырылып келе жатқан мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың жаңа моделі (бұдан әрі - Модель) бойынша бағдарламаға қатысты бағыттары, әлемдік деңгейдегі басқару жүйесіндегі трендтерге бағдарлану, цифрлық құралдардың басқарушылық практикаға интеграциясы, цифрлық трансформация басқаруды жаңарту: сапа менеджменті жүйелерін, электронды платформаларды, цифрлық портфолиолар мен деректер аналитикасын қолдану және т.б. сұраныстар ескеріліп білім беру бағдарламаның қажеттілігі дәлелденген.

2. Глоссарий бөлімі бойынша 28 ұғымға түсініктеме және оның ішінде «Soft skills (икемді дағдылар)», «Өзгерістерді басқару», «Цифрлық панельдер мен дашбордтар» және т.б. деген ұғымдарға толық сипаттама берілген.

3. Бағдарлама тақырыптары бойынша курс 4 модульден, яғни

«1 - Модуль. Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың негіздері;

«2 - Модуль. Басқарудағы цифрлық технологиялар»;

«3 - Модуль. Көшбасшылық және сапаны басқару»;

«4 - Модуль. Басқару тәжірибесі және талдауы» модульдерінен тұрады.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелері бойынша курс тақырыбына сай мақсаты, міндеттері, мазмұны және күтілетін нәтижелері берілген. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, мазмұны және

күтілетін нәтижелері өзара логикалық байланыста құрылған. Бағдарлама мақсат, міндеттері және мазмұнының басқарушылар мен әдіскерлердің практикалық қызметіне ықпалы күтілетін нәтижелерінде көрініс тапқан.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны 4 модульдық тақырыптарға берілген.

1-Модуль. Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың негіздері бойынша «Стратегиялық жоспарлау негіздері», «Өзгерістерді басқару және қызметкерлерді ынталандыру»;

2-Модуль. Басқарудағы цифрлық технологиялар бойынша «Құжат айналымы мен ішкі коммуникацияны цифрландыру», «Деректерді талдау жүйелерімен жұмыс» және т.б. тақырыптар өзекті, қазіргі мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне, әдіскерлеріне, меңгерушілерге қажет мазмұн қамтылған.

Мәселен, Құралдар: Google Docs, Sheets, Drive – нақты уақытта бірлесіп жұмыс істеу үшін; Microsoft 365 (Word, Excel, OneDrive) – қауіпсіздігі жоғары ортада жұмыс істеу үшін; Электрондық қолтаңба және ЭҚА жүйелері (Контур, Диадок және т.б.) – ресми құжат айналымы үшін; Бұлтты сақтау қызметтері (Яндекс.Диск, Dropbox) – архивтеу және қызметкерлердің қолжетімділігі үшін деп неге қажеттілігі туралы мазмұнында берілген.

3-Модуль. Көшбасшылық және сапаны басқару бойынша «Басшының көшбасшылық дағдылары», «Корпоративтік мәдениет және оның рөлі»;

4-Модуль. Басқару тәжірибесі және талдауы бойынша «Басқарушылық шешімдер әзірлеу (кейс-талдау)», «Өз ұйымына SWOT-талдау жүргізу» өзекті тақырыптар мазмұны берілген.

6. Оқу процесін ұйымдастыру бойынша біліктілікті арттыру курсы 80 сағатты құрайды. Оқыту формасы ретінде онлайн режимінде қашықтықтан оқыту әдістері: онлайн дәрістер, вебинарлар, онлайн форумдар және онлайн кеңес беру. Бұл тыңдаушыларға уақыт пен орынға тәуелсіз оқу мүмкіндігін береді. Оқуды аяқтағаннан кейін тыңдаушылардың білімдерін бақылау және бағалау мақсатында жобалық жұмыстарды қорғау, қорытынды тестілеу жүргізіледі.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі бөлімі бойынша Бағдарламаның әрбір модульдің мазмұны, міндеттері мен күтілетін нәтижелеріне сәйкес теориялық материалдар, оқу материалын меңгеруге арналған тапсырмалар, өзін-өзі бағалау критерийлері берілген. Барлық тапсырмаларға сипаттама берілген.

8. Оқыту нәтижелерін бағалау бөлімі бойынша тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін бағалаудың негізгі құралдары — өзіндік жұмыстар, жобалар мен жұмыстардың презентациялары, қорытынды тестілеу, критерийлер, қорытынды аттестациялау тест түрінде өтетіндігі айтылған.

9. Курстан кейінгі қолдау бөлімі бойынша Тыңдаушылармен курстан кейінгі қолдау түрлері: кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау, оқу-әдістемелік материалдарды интернет-платформаларда орналастыру, жеке кеңес беру, үздік тәжірибелерді насихаттау және қолдау деп көрсетілген.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі бойынша ақпарат көздері берілген талаптарға сай берілген.

Сараптамалық қорытынды: «Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың заманауи тәсілдері мен құралдары» оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары мен әдіскерлеріне арналған біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасына «келісу» туралы сараптамалық қорытынды беріледі.

Негіздеме: Сараптамалық кеңестің 2025 жылғы 15 мамырдағы отырысының № 11 хаттамасы.

Сараптамалық кеңес мүшесі



С. Жиенбаева